БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚАЗТАЛОВ АУДАНЫ ҚАРАӨЗЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ КАРАУЗЕНЬСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА КАЗТАЛОВСКОГО РАЙОНА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**ӨКІМ** | **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

Қараөзен ауылы | с. Караузень

19.04.2022 № 8

**«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы 434 Заңының 41-бабының 1, 4, 5-тармақтарына сәйкес (әрі қарай – Заң) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік сатып алу бойынша семинар/форум/конференцияға қатысуға шақыруға сәйкес"28" ақпан 2022, Заңның 39-бабы 3-тармағының 45-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды, сондай-ақ Заңның 41-бабының 4-тармағына сәйкес жауаптылықты өзіме жүктеймін.

4. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

**Округ әкімі** Б.Қабдолұлы

**«Professional Community Astana Orleu»**
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
**БСН 160440028233**

Товарищество
с ограниченной ответственностью
**«Professional Community Astana Orleu»**
**БИН 160440028233**

**Z05T5K8, Нұр-Сұлтан қаласы Бұқар жырау көшесі, 36А, т.е.б (кеңсе) 3**
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

**Z05T5K8, город Нур-Султан улица Бухар жырау, 36А, н. п. (офис) 3**
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

**Шығ. № 599-04** **«28» ақпан 2022 ж.**

**Мекеме басшыларына**

**Құрметті басшылар!**

**Сіздердің назарларыңызға:**

2021 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі және қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, ол 2022 жылдың 1 қаңтарында күшіне енеді. Заңда мемлекеттік сатып алу саласында елеулі өзгерістер көзделген.

2022 жылдың 10 қаңтарында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларына өзгерістер күшіне енді (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 35 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 17 қаңтарда № 26503 болып тіркелді).

2022 жылдың 17 ақпанында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Келісу комиссиясының үлгілік ережесі мен жұмыс қағидаларын бекіту туралы» № 176 бұйрығы қабылданды.

**Мемлекеттік сатып алу туралы Заңға негізгі өзгерістер:**

1. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алу үшін негіздерді қысқарту, мысалы, 39 – баптың 3-тармағының 42) – тармақшасын, біртекті ТЖҚ-ны 3000 еселенген АЕК-ке дейін сатып алған кезде, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер әкімдерінің аппараттары ғана қолданатын болады, 39-баптың 3-тармағының 8),19),37) тармақшалары алынып тасталды.
2. Сатып алудың жаңа тәсілдері:
2.1. екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс;
2.2. негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып конкурс;
2.3. рейтинг-балдық жүйені пайдаланумен конкурс;
2.4. өмірлік цикл құнының есебін пайдаланатын конкурс;
2.5. электрондық дүкен.
3. Дауларды сотқа дейін реттеу: тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган ретінде **«келісу комиссиясын»** енгізу көзделеді. Келісу комиссиясы шарт жасасудан жалтарған және

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қарау үшін тапсырыс берушілердің базасында құрылатын болады.

4. Аукционға қатысушылар арасында сөз байласуды болдырмау мақсатында аукционды өткізу дәйектілігі қайта қаралды. Бірінші кезеңде аукцион атаулары жасырылатын қатысушылар арасында өткізілетін болады. Бұл олардың арасындағы қастандық фактілерін жояды. Екінші кезеңде бағасы ең төмен болып табылатын аукционға қатысушының өтінімі қаралатын болады. Оның өтінімі сатып алу талаптарына сәйкес келген жағдайда аукцион қорытындылары аукционға қатысушылардың басқа өтінімдерін ашпай бірден қалыптастырылады.
5. БҰС тәсілі үшін шекті 8000 АЕК-ке дейін ұлғайту, БҰС тәсіліне демпингті енгізу, брендті, тауар белгісін және т.б. 1000 АЕК-ке дейін көрсету мүмкіндігі алынып тасталды.
6. Қамтамасыз етуді электронды әмиян арқылы енгізу және т. б..

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, мемлекеттік сатып алу саласындағы маңызды өзгерістерді ескере отырып, «Professional Community Astana Orleu» ЖШС бірінші басшыларды, бас бухгалтерлерді, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарды, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғаларды 2022 жылдың 10-11 наурыз күндері Орал қаласында**, «2022 жылғы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың өзекті мәселелері. Сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру»** тақырыбында өтетін 2 күндік ашық семинарға қатысуға шақырады.

Семинар 2022 жылғы мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамадағы өзекті өзгерістерді талқылау, нақты практикалық жағдайлар мен кейстер мысалында ағымдағы проблемалық мәселелерді қарау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуге байланысты сатып алуды дұрыс және тиімді жоспарлау, бұзушылықтардың алдын алу және қатысушылардың жауапкершілігі мәселелері қаралатын болады.

**Семинардың дәріскері: Секуова Шұға Бекжігітқызы –** *сарапшы-практик, сертификатталған дәріскер – ҚР Қаржы министрлігінің және Еуропалық одақтың жобасы бойынша мемлекеттік сатып алулар жөніндегі жаттықтырушы, мемлекеттік мекемелерде, орталық билік органдарында басқарушы лауазымдарда қызмет еткен, мемлекеттік сатып алулар саласында бай тәжірибеге ие.*

**Семинардың тақырыбы:** «2022 жылғы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың өзекті мәселелері. Сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру»

**Семинардың өтетін күні:** *2022 жылдың 10-11 наурыз күндері, Орал қаласы. Семинар барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып өткізіледі, оқу орнына кіру "Ashyq"жобасына сәйкес жүзеге асырылады. Қатысушылар саны шектеулі.*

**Өткізілетін орны:** семинарға 3 күн қалғанда қосымша хабарланады. *Семинар Қазақстан аймақтарындағы эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес өткізіледі.*

**Семинарға қатысу құны:** бір қатысушыға ҚҚС есебінсіз **60 000 теңге***, біз ҚҚС төлеуші болып табылмаймыз.

**Семинардың ұзақтығы:** 18 академиялық сағат.

**Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.**

**<u>Семинар құнына кіреді:</u>**

- *Семинарға қатысу*
- *Үлестірме материал («Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі», маркер, стикерлер,*
- *Бизнес-ланч*
- *Семинарға қатысқандығы туралы атаулы сертификат*

*блокнот, қалам)*

***Бонус-консультациялық сүйемелдеу 6 ай бойы, «жазбаша сұрақ-жауап» режимінде***!***

**Семинарға қалай қатысуға болады?** Семинарға қатысу үшін төмендегі телефон нөмірлеріне қоңырау шалу арқылы өтінім беріп, келісімшарт жасау қажет:

8 (7172) 72 83 58, 8 (7172) 45 71 28, 8 (700) 520 97 67 (ішкі 905), Сіздің жеке менеджеріңіз **Атыкаева Венера**

**Сіз өтінімді келесі e-mail-ға жібере аласыз**: ao6@astanaorleu.com

Ұжымдық оқытуды ұйымдастыру бойынша (Интернет желісі арқылы нақты уақыт режимінде) келесі телефон нөміріне қоңырау шалу қажет: 8 708 425 01 44

**Аталмыш ақпаратты бағдарламалардың әкімшілеріне және ведомстволық бағынысты ұйымдарға жеткізуді сұраймыз.**

**Қосымша 2 бетте.**

**Бас директор** **Б. Аширов**

**Қосымша**

## Семинар бағдарламасы**

**Тақырыбы:** «2022 жылғы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың өзекті мәселелері. Сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру»

**1 күн**

**Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар.**

**Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары.** Тапсырыс беруші және оның функциялары. Мемлекеттік сатып алу процесінің принциптері.

Жылдық жоспар / мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары. Мемлекеттік сатып алуды нормалау. Мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер енгізу тәртібі. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді лоттарға бөлуге қойылатын талаптар. Біртекті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді анықтау. Біртектілікті дұрыс анықтаудың негізгі белгілері.

Мемлекеттік сатып алудан бас тарту және бас тарту туралы заңсыз шешім үшін жауапкершілік.

**Мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты жаңа шектеулер.**

**Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны айқындау тәртібі.** Орталықтандырылған сатып алу түсінігі. Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының мақсаттары мен функциялары. **Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі.**

**Мемлекеттік сатып алу саласында қалыптастырылатын тізілімдер.**

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі. Тапсырыс берушінің осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгіну жағдайлары.

**Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері (қысқаша шолу). Сатып алу тәсілін таңдау.**

**Тапсырыс берушінің сатып алудың белгілі бір тәсілін пайдалану міндеті.**

**Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимді қолдану.**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мемлекеттік сатып алу саласындағы және уәкілетті органның құзыреті.**

**Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың өкілеттіктері.** Конкурсқа (аукционға) және баға ұсыныстарын сұратуға қатысуға өтінімдерді енгізу және қамтамасыз етуді қайтару процесін операциялық сүйемелдеу.

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау. Тапсырыс берушінің, Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау. Шағым беру тәртібі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.**

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің

207-бабы. Мемлекеттік сатып алу мониторингі.

**Жаңа шарттармен баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу. Хабарландыруға қойылатын** талаптар (ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттар). Жеткізушілерге жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды беру туралы талап.

**Хабарландыруда тауар таңбаларына**, фирмалық атауларға, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына және т.б. нұсқауларды көрсету мүмкіндігі. Электрондық әмиян.

Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

**Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.**

**Тауар биржалары арқылы тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.**

**2 күн**

**Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары.**

**Әлеуетті өнім берушінің дәйексіз ақпаратты ұсынуының салдары.**

**Конкурс/ аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.**

**Конкурстық / аукциондық құжаттама.** Ұлттық стандарттардың көрсетілуін, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық

стандарттардың көрсетілуін ескере отырып,техникалық ерекшелікке қойылатын талаптар. Жеткізушілерге жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды беру туралы талап.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың салыстырмалы мәнін есептеу және өлшемшарттар.

**Конкурстық/ аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау. Ұйымдастырушының конкурстық / аукциондық құжаттамаға өзгерістер енгізу туралы құқығы. Конкурсқа/аукционға қатысуға өтінім.** Электрондық әмиян. **Конкурсқа/аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету, оны енгізу шарттары.** Оның электрондық әмиянына орналастырылған ақшалай қаражатты қайтару және конкурсқа/аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді талап ету құқығы. **Байқаудағы демпингтік баға. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі демпингке қарсы шаралар. Конкурсқа/ аукционға қатысуға өтінімдерді қарау. Конкурс/ аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздері мен салдары.** Егер конкурс/аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілмеді деп танылса, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы жасайтын іс-әрекеттер.

**Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктері.**

**Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктері.** Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді жүзеге асыратын біліктілік органы.

**Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу.**

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің жаңа түрі. - жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты. Авансты қамтамасыз етуді енгізу туралы талап**. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына өзгерістер енгізу негіздері. Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізудің жаңа негіздері.**

**Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың күшіне енуі**

**Қоғамдық бірлестіктер мен олар құрған ұйымдарды мемлекеттік сатып алуға қатысу.**

**** Коммерциялық ұсыныс келесі жағдайларда қайта қаралуы мүмкін: вендорлардың баға саясаты, ҚР салық салу шарттары және инфляция деңгейі өзгерген жағдайда, сондай-ақ бағаны қалыптастыруға әсер ететін басқа да факторларға байланысты.***

***** Семинарды ұйымдастырушы ҚР заңнамасындағы өзгерістерге және өзге де шарттарға сәйкес бағдарламаны толықтыруға және түзетуге құқылы.***

****** Консультация жұмыс күндері (дүйсенбіден жұмаға дейін) Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 09-00-ден 18-00-ге дейін жүзеге асырылады. Оқытудан өткен тыңдаушы өз сұрақтарын толық мазмұны бар жазбаша түрде жолдайды, егер қосымшалар болса, оларды бекіту қажет, мәтін толық құрастырылуы тиіс. Сұрақ алдында тыңдаушыға ұйымның БСН, Т. А. Ж. және соңғы рет оқуға қатысқан күнін көрсетуі қажет. Сұрақтар +7 701 520 97 67 нөміріне WhatsApp мессенджері арқылы немесе info@astanaorleu.com электрондық пошта арқылы қабылданады. Жауаптар (аудио немесе жазбаша түрде) тыңдаушыға лектордың босауына қарай 3 – тен 24 сағатқа дейінгі кезеңде түседі, егер мәселенің күрделілігіне байланысты мәселені қосымша зерделеу, сондай-ақ қосымша ақпарат алу қажет болса, жауап уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуді қоспағанда, 24-72 сағат ішінде түседі. Сатып алу рәсімдері мен өзге де іс-қимылдарды жүргізу кезінде сұрақтарды алдын ала жолдауды ұсынамыз. Жауаптардың ұсынымдық сипаты бар («Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 60-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік саясат жүргіземін, белгілі бір салада (қызмет аясында) реттеуді және басқаруды жүзеге асыратын немесе құзыретіне тиісті мәселелерді шешу жатқызылған мемлекеттік органдар не өзге де мемлекеттік органдар <u>өздеріне берілген өкілеттіктерге</u> <u>сәйкес өз құзыреті шегінде нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қатысты нормативтік құқықтық актілерге түсіндірме бере алады</u>).***